## 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

383, 384, 385, 386, 387, 388-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 383-ҚОСЫМША

*Ескерту. 383-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

614 - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жер ресурстарын мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 647293 мың теңге (алты жүз қырық жеті миллион екі жүз тоқсан үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы және құжат айналымын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 "Мемлекеттік бюджет пен смета есебінен төленетін Қазақстан Республикасы

органдары қызметкерлерінің еңбекақысын төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 " Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қарашадағы N 1776 "Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің және оның аумақтық органдарының қызметтерін, оларға жүктелген функцияларды барынша нәтижелі орындауына жету үшін қамтамасыз ету. Кәсіптік қызмет саласында оқу бағдарламалары бойынша мемлекеттік қызметкерлердің теориялық және тәжірибелік білімдерін, шеберліктерін және біліктіліктерін жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің аппараты мен оның аумақтық органдарын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Жер ресурс- тарын мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республи- касының Жер ресурс- тарын басқару жөнін- дегі агенттіктің орталық аппаратын бекітілген штат саны | жыл бойы | Қазақстан Республикасы- ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | лимитінің шегінде 31 бірлік құрамында қаржыландыру, бекітілген нормативтік ережелерге сәйкес 4 бірлік қызметтік автокөлікті жалға алу, 4 бірлік ксероксты қаржыландыру. | | агенттігі |
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің территориялық органдарының аппаратын бекітілген штат саны лимитінің шегінде 790 бірлік құрамында қаржыландыру. Баланстағы қызметтік автотранспортты қаржыландыру 137 бірлік, ксерокс 40 бірлік. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің біліктіліктерін көтеру бойынша қызметтерді сатып алу, оның ішінде мемлекеттік тілге үйрету, біліктілігін көтеру курстарын өтетін мемлекеттік қызметкерлердің орташа жылдық саны - 180 адам. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Орталық аппаратты (2 бірлік ксерокспен), аумақтық органдарды жиһазбен материалдық қамтамасыз ету (компьютерлік столы - 100 дана, жазу столы - 100 дана, металдан жасалған шкаф - 50 дана, басшының креслосы - 100 дана, орындық - 255 дана). | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |
| 6 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін техникалық қамтамасыз ету, компьютерлік техника сатып алу: 36 компьютер; 36 принтер, 105 лицензиялы вируске қарсы бағдарламалар сатып алу, қосымша босалқы бөлшектер мен шығын материалдарын сатып алу, 96 компьютер мен 96 принтерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларды сапалы және өз уақытында орындау, еңбек жағдайын жақсарту, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
384-ҚОСЫМША

614 - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Жер қатынастарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1295712 мың теңге (бір миллиард екі жүз тоқсан бес миллион жеті жүз он екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 163-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік ауыл шаруашылығы азық-түлік бағдарламасы туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 "Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдары ауылдық территорияларды дамыту жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 маусымдағы N 931 " Қазақстан Республикасында жерге орналастыруды жүргізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 "2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауылдық территорияларын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2004 -2006 жылдарға арналған жобалық іс-шаралар туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 956 "Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және олардың мәліметтерін пайдалану Ережелерін бекіту туралы" қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі N 958 "Қазақстан Республикасында Жер кадастрын жүргізудің Ережелерін бекіту туралы" қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында жерді тиімді пайдалану.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ауылдық елді мекендердегі экологиялық-демографиялық зерттеулер нәтижелеріне сәйкес, ауылдық территорияларды жоспарлау мен ұйымдастырудың аудандық кестелерін жасау, жер кадастрын жүргізу, жер мониторингін жүргізу, жер нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалануды қамтамасыз

ету, ауыл шаруашылығы алқаптардың кадастрлық бағасын анықтаудың әдістемесін дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | | Жер қатынас-тарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету | | |
| 2 | | 100 | Жерге орналасты-руды жүргізу | Ауылдық елді мекен-дердегі экологиялық-демографиялық зерт-теулер нәтижелеріне сәйкес, ауылдық территорияларды жоспарлау мен ұйым-дастырудың аудандық кестелерін жасау - 160 аудан (ААДМД шеңберінде) | жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |
| 3 | | 101 | Жер-Кадастр-лық жұмыстар | Жер-кадастрлық жұмыстар: Аэрофототүсірулер - көлемі 7950 мың.га жерге, аэрофото-суреттермен фото-пландарды дешифрлеу - 8220,7 мың.га, соңғы өнімді дайын-дау мен беру - 3393,7 мың.га., | жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

топырақтық зерттеулер - 303.2 мың.га, геоботаникалық зерттеулер - 738 мың.га;
- ауыл шаруашылығы алқаптарды есептеу, топырақты және геоботаникалық контурларды анықтау - 2000 мың.га.;
- әкімшілік аудандар мен есептік кварталдардың электронды жер-кадастрлық карталарын 59356 мың га аумақта жасау; меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер кадастры бойынша мәліметтерін электронды түрде жинау - 7347 мың.га;
- республиканың барлық аумақтарында жерлерді мемлекеттік тіркеуге алу; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен елді мекендердегі жерлерді түгендеу - 27950,3 мың.га (ААДМД шеңберінде); 1241 ауылды елді мекендерде жер кадастрлық карталарын дайындау мен басып шығару (ААДМД шеңберінде)
Ауыл шаруашылығы

мақсатындағы жерлердің балдық бонитетін анықтау - 944,2 мың.га (МААТБ шеңберінде); Паспорттау; шаруа қожалықтары - 17,5 мың паспорт, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары - 3,0 мың паспорт; - Жерлерді паспорттау үшін топырақ құрамына қатысты материалды жаңарту - 673,8 мың.га; - Паспорттау мақсатында егістік жерлер топырағының бонитетін анықтау - 1023,6 мың.га

4 102 Жер мониторингін жүргізу | 11,7 млн.га жерде жер мониторингін жүргізу | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ауылды елді мекендерді жоспарлау мен ұйымдастырудың аудандық кестелерін дайындау 160 аудан (1 кезеңде - 64%, 2 кезеңде ішінара орындалады), жер кадастрын әрі қарай дамыту және жаңарту, ауылдық территорияларды дамыту мақсатында іс-шараларды қамтамасыз ету; шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер учаскелерін паспорттармен қамтамасыз ету; ауыл шаруашылығы алаптарының жағдайы, пайдалануы, сапасы жөнінде тиімді ақпараттарды алу, ауыл шаруашылығы алаптарына кадастрлық бағалауды жүргізу, жер мониторингін жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1354 қаулысына
385-ҚОСЫМША
614 - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 600000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 шілдесіндегі Жер кодексінің 4, 139, 152, 153, 157 - 159-баптары ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы "Ақпараттандыру туралы" заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 "Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы" қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы "2005-2007 жылдарға "Электрондық үкіметті" құрудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 1471 Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру және оны енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін әзірлеу және оны өндірісте мақұлдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекеттік жер кадас- трының | Ақтөбе, Батыс- Қазақстан, Қостанай облыстық және Алматы | жыл бойы | Қазақстан Республикасы- ның Жер |

| | | |
|---|---|---|
| автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру | қалалық МЖК ААЖ орталықтарын мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (МЖК ААЖ) бағдарламалық техникалық кешенімен қамтамасыз ету: сервер - 5 дана, пайдаланушылардың жұмыс станциялары - 11 дана, арнайы тағайындалған жұмыс станциялары - 3 дана, жергілікті баспа - 2 дана, желілі баспалар - 2 дана, концентратор - 2 дана, сандық желілер үшін модем - 2 дана, 1 кВт-қа дейінгі үздіксіз қорек көздері - 16 дана, 1 кВт-тан жоғары үздіксіз қорек көздері - 5 дана, желілі фильтр - 21 дана, 2 плоттер, 4 дана А3 планшеттік форматтың сканері, 3 дана А0 үлкен форматтық форматтың сканері, жалпы жүйелік бағдарламалық өнімдер (геоақпараттық жүйелер, дерек қорды басқару жүйелері) - 80 дана. Мемлекеттік | ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің техникалық тапсырмаларының, техникалық жұмыстық жобалардың, дерекқорлардың, интерфейстердің және тәжірибелі электрондық деректердің тармақ жүйелерінің әзірлемесі ("Жер төлемдері", "Жер конкурстары, аукциондары", "Кадастрлық құжат айналымының" тармақ жүйелері). Кадастрлық ақпараттарды қағаз жүйесінен электрондық жүйеге ауыстыру. Тақырыптық кадастрлық сандық карталарды құру. Кадастрмен жұмыс істейтін жүз маманды жалпы жүйелік бағдарлама өнімдерімен жұмыс істей білуге үйрету (операциялық жүйелер, дерек қорды басқару жүйелері, геоақпараттық жүйелер) - 100 адам.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің аумақтық органдарын бағдарламалық техникалық кешенмен жабдықтау, Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің негізгі тармақ жүйелерін құру

("Жер төлемдері", "Жер конкурстары мен аукциондары", "Кадастрлық құжат айналымы "). Әзірленген тармақ жүйелеріне арналған электронды деректерді құру, тақырыптық сандық кадастрлық карталар құру, мамандарды жалпы жүйелік бағдарлама өнімдерімен жұмыс істей білуге үйрету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
386-ҚОСЫМША

*Ескерту. 386-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

614 - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Топография-геодезиялық және картографиялық өнімдерді және олардың сақталуын қамтамасыз ету" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 534389 мың теңге (бес жүз отыз төрт миллион үш жүз сексен тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі "Геодезия және картография туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Ұлттық архивтер қоры және архивтер туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 "Қазақстан Республикасының ауылды территорияларын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы, "Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 1273 қаулысы, "Қазақстан Республикасының ауылды территорияларын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдарды, сондай-ақ әр түрлі

ведомстволарды топографиялық-геодезиялық және картографиялық материалдармен, делимитациялық және демаркациялық жұмыстарды, сондай-ақ ауылды елді мекендерді картографиялық материалдармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жалпы мемлекеттік, салааралық маңызы бар геодезиялық және картографиялық өнімдерді жасау және жаңарту, сонымен қатар геоақпараттық жүйелер негізінде жасау.

Топографиялық-геодезиялық және картографиялық өндірістің материалдарын және құжаттарын мемлекеттік есепке алуды, сақтауды және сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Реттіс. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Топография-геодезиялық және картографиялық өнімдерді және олардың сақталуын қамтамасыз ету | Топографиялық карталардың Мемлекеттік масштабтық қатарын жаңарту үшін аэроғарыштық түсіріс орындау - 66060 шар. км<br>Топографиялық-геодезиялық жұмыстар:<br>Топографиялық карталарды жасау, құру және жаңарту - 350 парақ;<br>I кл, II класты нивелирлі желіні зерттеу, қайта жөндеу, орналастыру, дамыту - 170 км текше. 10 жинақ каталогтарын құру | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

Геодинамикалық зерттеулер (репер/ текше км):
1) пункттерді зерттеу, орналастыру, жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулер - 30/130/856,2
Картографиялық жұмыстар:
1) топографиялық карталарды баспаға даярлау, цифрлеу - 310 парақ;
2) географиялық, тақырыптық және оқу карталарын, атластарын құру - 10 парақ;
3) карталарды басып шығару - 1000 парақ.
Географиялық объектілер атауларының каталогын құру, басып шығару - 3/3 том.
Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар өндірісі нәтижесінде құрастырылған материалдар мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік есепке алу, сақтау (13500,0 мың дана)
Ауылды елді мекендерді картографиялық материалдармен қам-

тамасыз ету (АТДМБ шеңберінде): Аэротүсіру - 1245 шаршы км. - аэротүсірістерді пландық байланыстыру және ауылды елді мекендерді дешифрлеу - 879,6 шаршы км. - ауылды елді мекендер жоспарларын сызу және даярлау - 882,0 шаршы км.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттің экономикасын геодезиялық және картографиялық өнімдермен қамтамасыз ету, геодезиялық және картографиялық материалдардың есепке алынуын, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ауылды елді мекендерді картографиялық өнімдермен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 387-ҚОСЫМША

614 - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республикалық картографиялық фабриканы салу" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 549370 мың теңге (бес жүз қырық тоғыз миллион үш жүз жетпіс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 сәуірдегі N 414 "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасының құрамында Республикалық картографиялық фабрикасын құру туралы" қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға

арналған орташа мерзімді жоспары"

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: картографиялық өнімдермен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық картографиялық фабрика құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Республика-лық карто-графиялық фабриканы салу | Республикалық карто-графиялық фабрика құрылысы бойынша инвестициялық жобаны Қазақстан Республи-касы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсанда-ғы N 1289 "2005 жылға Республикалық бюджет туралы "Қазақстан Республи-касының Заңын жүзеге асыру туралы" қаулы-сының N 2 қосымшасы-на сәйкес заң тәрті-бінде бекітілген жоба-сметалық құжат-тарға сәйкес құры-лыс-монтаждық жұмыс-тарды орындау және Республикалық карто-графиялық фабрика | жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

құрылысының аяқталуымен жабдықтарды сатып алуды жүзеге асыру ("Алматы қаласында Республикалық картографиялық фабрика құрылысының жобасын дайындау" жұмыс жобасы туралы "Госэкспертиза" республикалық мемлекеттік өнеркәсіптің оңтүстік еншілес кәсіпорнының 2003 жылғы 5 маусымындағы N 7-252/2003 қорытындысы).

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Республикалық картографиялық фабрика құрылысын аяқтау үшін құрылыс-монтаждық жұмыстар көлемін орындау және жабдықтар сатып алу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 388-ҚОСЫМША

614 - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жер ресурстарын басқару саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 39066 мың теңге (отыз тоғыз миллион алпыс алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымындағы Жер Кодексі ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы

; Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік ауыл шаруашылық аумағын дамыту бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 маусымдағы N 1149 Жарлығы ; "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 Заң күші бар Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу Ережелерін бекіту және оның мәліметтерін пайдалану туралы" 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 956 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу Ережелерін бекіту туралы" 2003 жылғы 20 қыркүйектегі N 958 қаулысы ; "Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы жер ресурстарының потенциалын ұтымды пайдалану мен қорғауды инновация базасында ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және оны экономикалық айналымға енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік жер кадастры мен оның автоматтандырылған ақпараттық жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

мониторинг бойынша инновацияны ғылыми-әдістемелік және тәжірибелі-эксперименталды қолдауды қамтамасыз ету, жерді зерттеу, картографиялау және ландшафты-экологиялық және геоақпараттық жүйелер негізінде аумақты ұйымдастыру;

ақылы жер пайдалану, жердің нарықтық айналымы мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды экономикалық ынталандыру жүйесінің ғылыми-әдістемелік базасын әзірлеу;

қолайлы жер пайдалану нормативтерін әдістемелік негіздеу мен әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретса.ны | Бағ.дар.лама коды | Кіші баг.дар.лама коды | Кіші бағдарлама.лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 006 | Жер ресурстарын басқару саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Мемлекеттік жер кадастрын ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық және технологиялық қамтамасыз ету; жаңа жер құрылысы жағдайында жер мониторингі жүйесін қалыптастыру принциптері; ландшафты-экологиялық тұрғысы негізінде аумақты ұйымдастыруды ғылыми-әдістемелік негіздеу; ақылы жер пайдалану жүйесін және жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауды экономикалық ынталандыру ғылыми және әдістемелік негіздеу; әдістемелік негіздеу және нормативтерді әзірлеу; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша | жыл бойы | Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік жер кадастры бойынша өндірістік (технологиялық) жер-кадастры үрдісін және кезеңін жүргізу мен ұйымдастыру тәртібі белгіленген;

Мемлекеттік жер кадастрының жер-кадастрлық құжаттамасы жасалып, жетілдірілген;

МЖК ААК жеке жүйелік кешендерін жүргізу әдістемесі мен технологиясы жасалған және олар қолданысқа енгізілген;

Әуе-ғарыштық суретке түсіру мәліметтерін пайдалану арқылы жер

пайдаланулардың кадастрлық тақырыптық карталарын әзірлеу технологиясы жасалды;

Жерді агроэкологиялық топтастыру әдістемесі жасалды.

Жер мониторингі, зерттеу және картографиялау бойынша Геоақпараттық жүйелер негізінде жерді ара-қашықтықтан барлау және ландшафты мониторингінің мәліметтері бойынша зерттелу аумақтары (М 1:1000000; 1:100000; 1:50000; 1:25000; 1:10000) жер пайдалануларының картасын зерттеу және әзірлеу әдістемесі жасалмақ. Жерді есепке алу әдістемесін жасау; жердің өнімділігін және сапалық жағдайын зерттеу жұмыстары жалғастырылады.

Ландшафты-экологиялық тұрғысы негізінде аумақты ұйымдастыру бойынша жеке аудан шаруашылықтарының үлгісінде республиканың табиғи-аумақтық аймақтары бойынша: ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің аумағын ұйымдастыруды сарапталуының және бағалануының ландшафты қамтамасыз етілуі; аймақтық жерге орналастыру схемаларының, жерді аймақтарға бөлудің, сонымен қатар ауыл шаруашылық өндірушілерінің жер пайдалану аумағын ұйымдастырудың әдістемесі жасалмақ. Өкілді аудандардың және шаруашылықтардың аумағын сәйкесінше 1: 1000000, 1:100000, 1:25000 және 1:10000, 1:5000 масштабтарында ландшафты-экологиялық картаға түсіру тәжірибесі жүргізілген. Облыстық және аудандық жер пайдалану схемасының, жерді аймақтарға бөлу және аумақты ұйымдастыру жобаларының әдістемесі жасалады және мақұлданады.

Ақылы жер пайдалану жүйесі және жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауды экономикалық ынталандыру бойынша Елді мекен жерлерін бағалауды тәжірибеде зерттеу және олардың ауыл шаруашылық алаптарының кадастрлық құнын анықтау әдістемесін жетілдіру жұмыстары жүргізіледі; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді және елді мекен жерлерін кадастрлық бағалаудың түзету коэффициенттерін анықтау және бағасы бойынша аймақтарға бөлу әдістемелері әзірленеді.

Нормативтерді әзірлеу бойынша түрлі ауыл шаруашылық кәсіпорындардың тиімді ауқымы мен экологиялық нормативтері әзірленеді;

Жерге, орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстарының жеке түрлері бойынша хронометражды жұмыстар жүргізіледі және оларды жүргізуге жұмсалатын еңбек нормативтері жасалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК